

Железин ауданы Железин селолық округі Железин селосының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Железин ауданы Железин селолық округі әкімінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 04 қазандағы № 05 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 23 қазанда № 5649 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармақшасына сәйкес, Железин селолық округі Железин селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2016 жылғы 21 қарашадағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Железин селолық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Железин ауданы Железин селолық округі Железин селосының келесі көшелері:
"Школьная" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесі болып;
"Совхозная" көшесі "Болат Ракишев" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Железин селолық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

Б. Байгиреев